

# МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Хаттама № 7

Өткізілген күні: 04.05.2026 жыл

Қатысқандар: 22

### Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 9 мамыр – Жеңіс күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараның өткізілуі.
3. Балаларды мектепке шығарып салу жұмыстарын ұйымдастыру.  
«Жазғы сауықтыру» мерзіміне дайындық жедел бақылау.
4. Жазғы демалыста кадрларды орналастыру мен топтарды топтау.

#### 1. Сөз сөйледі:

Балабақша әдіскері Г. Ж Ниетбаева өткен кеңестің шешімдері бойынша серуен барысында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатаң сақталуда. Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралардың дайындық жоспары бекітіліп, жауапты педагогтар дайындық жүргізуде.

Ертеңгіліктердің өткізілу кестесі бойынша жұмыстар уақытылы ұйымдастырылып, бекітілген жоспарға сай өткізілді.

Тәрбиешілер тарапынан ата-аналармен қауіпсіздік, мерекелік іс-шаралар және бала тәрбиесіне қатысты түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

#### Тыңдалды:

2. Балабақша әдіскері Г. Ж Ниетбаева 9 мамыр – Жеңіс күнінің маңызы туралы айтып, мерекелік іс-шара жоспары туралы баяндады. Іс-шара барысында балалардың патриоттық тәрбие алуына көңіл бөлінетіні, ән, тақпақ ұйымдастырылатыны айтылды.

#### 3. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина балаларды мектепке шығарып салу жұмыстары мен жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық туралы айтты.

Қауіпсіздік шараларын сақтау, серуен алаңдарын дайындау, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

#### 4. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина меңгеруші жазғы демалыс кезеңінде кадрларды орналастыру және топтарды біріктіру мәселесі бойынша ақпарат берді.

## ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жеңіс күніне арналған іс-шара жоғары деңгейде өткізілсін.
2. Мектепке шығарып салу ертеңгілігі ұйымдастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық күшейтілсін.
4. Аландардың қауіпсіздігі тексерілсін.
5. Жаз мезгіліне арналған жұмыс кестесі бекітілсін.
6. Қызметкерлердің еңбек демалысы кестеге сай жүргізілсін.
7. Балалар санына қарай топтар топтастырылсын.

Төрайымы:  А.Е. Карабалина  
Хатшы:  Г.Ж. Ниетбаева

